

**Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша  
білім беру орталығы «Жас домбырашылар» үйірмесінің жетекшісі  
Нарманова Сәуленің 2024-2025 оқу жылындағы  
екінші тоқсандық анықтама есебі**

«Жас домбырашылар» үйірме мүшелері екінші тоқсан барысында да жоспар бойынша оқу- тәрбие жұмыстарына белсене араласа білді.

Оқушылар домбырада дұрыс отыруды , түрлі қағыстарды қағуды және де қазақ, орыс халқының әндерін және де домбыраға арналған әртүрлі жатттығуларды ойнап үйренді. Сонымен қатар үйірме мүшелері тәрбиелік іс - шараларда белсенділік танытып, биіктерден көріне білді. Сабақ барысында балалар «Во саду ли, во огороде », «Еркем -ай» әндерін жетік меңгеріп, аспапта еркін ойнай білуді үйренді.

5-қараша күні үйірме мүшелерінің кітап оқуға және білім алуға қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатында үйірме мүшелері арасында өткізілген «Балалар кітапханасы» жобасына «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері белсене қатысты.

29 - қараша Қосымша білім орталығында үйірме мүшелері арасында «Ұшқыр ой алаңы» атты зияткерлік ойыны өтті. Осы шараға «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері қатысып, «Үздік Алғырлар тобы» номинациясымен марапатталды.

11-желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Жетістігімді еліме арнаймын» атты үйірме мүшелері арасында челлендж болып өтті. Осы челленджге «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері де белсене араласты.

13-желтоқсан күні Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіз елім-кең байтақ жерім» атты мәдени шараға «Жас домбырашылар» үйірмесі қатысып, арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

30-желтоқсан күні Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Жыл үздіктерін» марапаттау іс –шарасына «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері қатысып, Бауыржан Ақтаевтың «Алаш аманаты» күйін орындады.

«Жас домбырашылар» үйірме жетекшісі:



**Нарманова.С**